

БЕКІТІЛДІ

«Конфессияаралық қарым-
қатынастарды талдау және дамыту
орталығы» КММ басшысының
2022 ж. «05» мамырдағы
№ 18 бұйрығы

**«КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ
ДАМЫТУ ОРТАЛЫҒЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІНІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ
САЯСАТЫ**

Павлодар, 2022 жыл

Мазмұны:

| | |
|---|----|
| 1. Жалпы ережелер | 3 |
| 2. Терминдер мен анықтамалар..... | 3 |
| 3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы міндеттер..... | 4 |
| 4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары..... | 4 |
| 5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық..... | 5 |
| 6. Алдын алу шаралары және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл | 5 |
| 7. Мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу тәртібі | 8 |
| 8. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттер жасау туралы хабарлама | 8 |
| 9. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қызметтік тергеп-тексерулер | 9 |
| 10. Жауапкершілік | 9 |
| 12. Қорытынды ережелер | 9 |
| 13. №1 қосымша..... | 10 |
| 14. №2 қосымша..... | 15 |
| 15. №3 қосымша..... | 16 |

1. Жалпы ережелер

1.1. «Конфессияаралық қарым-қатынастарды талдау және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Орталық) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі - саясат) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес әзірленді және Орталықта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын белгілейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың осы саясаты сыбайлас жемқорлық сипатындағы ықтимал іс-қимылдардың алдын алуға, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау ахуалын қалыптастыруға бағытталған.

1.2. Осы саясат:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттерді;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын;

3) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешенін;

4) осы саясатты сақтау үшін жауапкершілікті белгілейді.

1.3. Осы саясаттың негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын және өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде адалдық пен сатылмаушылық қағидаттарын қамтамасыз ететін Орталық қызметкерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

2. Терминдер мен анықтамалар

Орталық қызметкерлері - Орталықпен еңбек қатынастарында тұратын кез келген жеке тұлға.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - Орталықтың лауазымды адамдарының өз өкілеттіктері шегіндегі қызметі:

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттерді жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және кейіннен жою (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу);

- сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттердің алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу, олардың зардаптарын жою (сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес) бойынша.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін құруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған қызмет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар - Орталық қызметі үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау - Орталықтың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау және зерделеу жөніндегі қызметі;

Мүдделер қақтығысы - лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған

адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу - Орталықтың алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы міндеттер

3.1. Саясат мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай саясат жүргізу;

- Орталықтың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінде кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік түсінігін қалыптастыру;

- Орталықтың лауазымды адамдары мен қызметкерлерін, сондай-ақ үшінші тұлғаларды сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелін азайту;

- осы Саясатқа **1-қосымшаға** сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің салдарын барынша азайтуға және жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу және енгізу;

- Орталық қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ Орталықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға тәрбиелеу;

- Орталықтың ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық факторларының болуына жол бермеу;

- жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету кезінде ашықтықты, адал бәсекелестікті және объективтілікті қамтамасыз ету.

3.2. Ереже атқаратын лауазымына, атқаратын функциялары мен жұмыс мерзіміне қарамастан Орталық қызметкерлеріне қолданылатын жалпыға міндетті нормалар мен қағидаларды қамтиды.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидалары

4.1. Орталықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидалары:

- *сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік* - Орталық өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысандар мен көріністерде сыбайлас жемқорлықты толық қабылдамау қағидатын ұстанады. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидаты Орталықтың лауазымды адамдары мен Орталық атынан немесе оның мүддесінде әрекет ететін қызметкерлері үшін тікелей немесе жанама

түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;

- *басшылықтың бейілділігі* - Директорлар кеңесі мен Орталық Басқармасының мүшелері сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген нысандарына және барлық деңгейлерге ымырасыз қатынасы туралы мәлімдеуі, осы қағидатты жеке мысалда көрсетуі, сақтауы және іске асыруы тиіс;

- *қызметкерлерді тарту* - Орталық өз лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ережелері туралы хабардар етеді және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын қолдайды;

- *жазаның бұлтартпастығы* - Орталық атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер жасаған жағдайда өзге де жағдайларға қарамастан Орталық қызметкерлерін жазалаудың бұлтартпастығы туралы мәлімдейді;

- *заңдылық* - Орталық ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтайды және оның кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларына қайшы келмейді;

- *тиісті сақтық* - Орталық іскерлік/еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдағанға дейін үшінші тұлғалар мен жұмысқа орналасуға үміткерлерді олардың сенімділігі, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау және мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;

- *өзара іс-қимыл және үйлестіру* - Орталық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде іс-қимылды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық

5.1. Орталық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында уәкілетті мемлекеттік органдармен, әріптестермен, клиенттермен мынадай мақсаттарда ынтымақтасады:

- сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтар жасау жағдайлары туралы ақпарат беру;

- сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтарға тергеу жүргізу кезінде жәрдем көрсету;

- сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерді жасауға қатысы бар адамдарды, олардың орналасқан жерін анықтау;

- сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі қызметті үйлестіру.

6. Алдын алу шаралары және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

6.1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін Орталық қызметінің бағыттары.

1) іс-шараларды өткізуге арналған шығын материалдарын сатып алу;
2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне үшінші тұлғаларды тарту;

3) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға төленетін төлемдер;

4) демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;

5) персоналды басқару;

б) ішкі құжаттардың заң сараптамасы.

6.2. Іс-шараларды өткізуге арналған шығын материалдарын сатып алу.

6.2.1. Орталық қызметкерлеріне кез келген сыйлықтарды/іскерлік қонақжайлық белгілерін/өкілдік шығындарды ұсынуға, уәде беруге, сыйға тартуға, беруге, талап етуге, сұрауға, қабылдауға тыйым салынады.

6.2.2. Орталық жүзеге асыратын сатып алудың кез келген әлеуетті қатысушысынан сыйлықтар мен қонақжайлық белгілерін қабылдауға тыйым салынады. Іскерлік сыйлыққа немесе іс-шараға осы Саясаттың талаптарына сәйкес күмән туындаған жағдайда, лауазымды тұлға немесе Орталық қызметкері Орталықтың тікелей басшысымен немесе компаенс-офицерімен кеңесу керек.

6.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне үшінші тұлғаларды тарту.

6.3.1. Орталық ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы саясаттың қағидаттары мен талаптарын бұзатын немесе Орталық үшін іскерлік беделін жоғалту тәуекелін туғызатын әріптестермен үшінші тұлғаларды тартудан және бірлескен кәсіпорындарға қатысудан тартынады.

6.3.2. Үшінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру немесе бірлескен жобаларға қатысу туралы шешім қабылдаудың алдында Орталықтың үшінші тұлғаларды тартуға бастамашы болатын тиісті құрылымдық бөлімшелері:

- Орталықтың тауарларды сатып алу ережелерінде белгіленген рәсімдерді қатаң сақтауға;

- сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне үшінші тұлғалар мен бірлескен жобалар бойынша әріптестерге мынадай рәсімдерді жүргізу арқылы мониторинг жүргізуге (қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) міндетті:

а) іскерлік беделді және мүдделер қақтығысының болмауын тексеру;

б) жалған кәсіпкерлік, сенімділік, салықтық және өзге де берешектің, ақша қаражаты көзінің болуын, сондай-ақ Қылмыстық жолмен алынған қаражат жөнелтілетін заңды құзыретін тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға (ҚР Қаржы министрлігі, ҚР Ұлттық Банкі және басқалар) сұрау салу арқылы тексеру.

6.3.3. Орталық үшінші тұлғалар тарапынан сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда олармен және бірлескен жобалар бойынша серіктестермен мәмілелерді бұзу құқығын өзіне қалдырады.

6.3.4. Осы саясаттың қағидаттары мен талаптары туралы бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалар мен серіктестерді хабардар ету.

6.3.5. Орталық сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен рәсімдердің бірлескен жобалары, сондай-ақ мінез-құлық стандарттары бойынша үшінші тұлғалар мен серіктестердің қабылдауын құптайды.

6.4. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға төлемдер.

6.4.1. Орталық үшін коммерциялық артықшылықтар алу, оның ішінде көлік, тұру, тамақтану, ойын-сауық, PR-компаниялар және т.б. немесе олардың Орталық есебінен өзге де пайда алуы мақсатында Орталық жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдар, олардың жақын туыстары үшін кез келген шығыстарды төлеуді дербес немесе өз қызметкерлері мен лауазымды адамдары арқылы жүзеге асырмайды.

6.4.2. Орталықтың лауазымды адамдары мен қызметкерлері мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимыл кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.

6.5. Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету.

6.5.1. Орталық мемлекет, ұйымдар өкілдерінің немесе өзге де адамдардың өз қызметін сақтауға, кеңейтуге немесе оңтайландыруға әсер ететін шешімдер қабылдауына ықпал ету мақсатында немесе егер мұндай көмек объективті түрде осындай ықпал ету әрекеті ретінде қабылданса, тікелей немесе жанама мақсатта қайырымдылық, демеушілік және қаржылық көмек көрсетпейді.

Қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетуге Орталықтың шығыстары туралы ақпарат ашық болуға тиіс.

6.5.2. Орталық лауазымды адамдар мен қызметкерлерге өз атынан қайырымдылық және/немесе демеушілік көмек көрсетуге тыйым салмайды.

6.6. Персоналды басқару.

6.6.1. Орталық кадрлық шешімдер қабылдау кезінде объективтілік және адалдық қағидаттарын ұстанады. Персоналды жұмысқа қабылдау, бағалау, жоғарылату және жұмыстан босату кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында, Орталық:

- белгіленген тәртіпте қызметкерлерді іріктеу мен жұмысқа қабылдаудың ашық рәсімдерін және лауазымға қойылатын тиісті біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

- еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында кандидаттардың сенімділігі мен мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан жұмысқа орналасуға кандидаттарды тексеруді жүзеге асырады;

- өзінің негізгі қызмет көрсеткіштері мен кәсіби жетістіктерінің нәтижелілігіне қарай персоналдың қызметін бағалауды және сыйақы төлеуді жүргізеді;

- қызметкердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігіне қарай жоғары тұрған лауазымға жоғарылату туралы шешім қабылдайды;

- ҚР заңнамасында көзделген негіздер бойынша қызметкермен еңбек қатынастарын бұзу рәсімін жүзеге асырады.

6.6.2. Лауазымды тұлғалар жұмысқа қабылдау немесе Орталықпен еңбек қатынастарын жалғастыру кезінде осы Саясатқа **2-қосымшаға** сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісім нысаны бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өзіне қабылдайды.

6.6.3. Орталықтың лауазымды адамдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан бас тартуға не лауазымнан шығаруға әкеп соғады, оларды сақтамау, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда, өкілеттіктерді тоқтату үшін негіз болып табылады.

6.7. Ішкі құжаттардың заң сараптамасы.

6.7.1. Орталықтың ішкі нормативтік құжаттарына, оның ішінде оларда сыбайлас жемқорлықтың (сыбайлас жемқорлық факторларының) пайда болуы үшін себептер мен жағдайлар жасауға ықпал ететін ережелердің болуы мәніне бекітуге шығарылатын ішкі нормативтік құжаттар жобаларына заң сараптамасы және оларды жоюға бағытталған ұсынымдар әзірлеу.

7. Мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу тәртібі

7.1. Орталықтың лауазымды адамдары мен қызметкерлері:

- мүдделер қақтығысына байланысты тәуекелдердің іске асырылуын болдырмау және оларды реттеу бойынша шаралар қабылдау.

- өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Орталық мүдделерін басшылыққа алуға және олардың жеке мүдделері Орталық мүдделеріне қайшы келетін жағдайлардан немесе жағдайлардан аулақ болуға тиіс. Мүдделер қақтығысы туындаған (немесе оның туындау мүмкіндігі болған жағдайда) жағдайда осы ақпаратты Орталықтың тікелей басшысына не жоғары тұрған басшылығына жазбаша нысанда жеткізу.

7.2. Мүдделер қақтығысын болғызбау немесе реттеу мүдделер қақтығысы тарапы болып табылатын Орталық қызметкерінің лауазымдық немесе қызметтік жағдайын өзгерту, оны белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету және (немесе) мүдделер қақтығысының туындауына себеп болған пайдадан бас тарту болуы мүмкін.

8. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттер жасау туралы хабарлама

8.1. Егер Орталықта Орталықтың лауазымды адамы немесе қызметкері жасайтын сыбайлас жемқорлық әрекеті орын алғаны туралы қандай да бір куәлік болса, бұл туралы Орталықтың комплаенс-офицеріне не өзінің тікелей немесе жоғары тұрған басшысына дереу хабарлау керек.

8.2. Өзге қызметкер, сондай-ақ үшінші тұлға сыбайлас жемқорлық іс-әрекет жасауға итермелеу фактілері туындаған жағдайда және/немесе

қызметкерді сыбайлас жемқорлық іс-әрекет жасауға көндіруге қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы ақпараты бар Орталық қызметкерлері Орталықтың комплаенс-офицерін дереу хабардар етуге міндетті.

9. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қызметтік тергеп-тексерулер

9.1. Орталықтағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар бойынша Орталықтың тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен тексеру не қызметтік тергеу жүргізіледі.

9.2. Егер қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталса, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидатын негізге ала отырып, еңбек қатынастарын бұзуға және материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге дейін түзету шараларын қабылдау тергеп-тексеруді аяқтау болып есептеледі.

10. Жауапкершілік

10.1. Орталық қызметкерлері осы Саясат талаптарының мүлтіксіз орындалуына жауапты болады.

10.2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тиісті жауапкершілік шаралары қолданылған Орталықтың лауазымды адамдары мен қызметкерлері, заңды күшіне енген ҚР соты шешімінсіз, Орталыққа келтірілген материалдық залалды өтеуден босатылмайды.

10.3. Саясат талаптарының бұзылуы Орталық қызметкерінің мәртебесімен үйлеспейтін іс-әрекет ретінде қарастырылуы және тәртіптік жаза қолдану үшін негіз болуы мүмкін.

10.4. Саясат талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзғаны үшін көзделген жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғуы мүмкін.

10.5. Орталықтың лауазымды адамдары мен қызметкерлері осы Саясатқа **3-қосымшада** көзделген нысан бойынша өзінің осы саясатты адал орындау міндеттемесін растауға міндетті.

11. Қорытынды ережелер

11.1. Осы саясатты қолданысқа енгізу мерзімі саясатты Орталық басшысы бекіткен күн болып есептелсін.

11.2. Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Орталықтың ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда өзгертілуге жатады. Осы саясатқа өзгерістер мен толықтыруларды Орталық басшысы бекітеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа №1 қосымша

«Конфессияаралық қарым-қатынастарды талдау және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» №410-V Заңының 10-бабы 2-тармағына сәйкес әзірленді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Конфессияаралық қарым-қатынастарды талдау және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Орталық) қызметкерлерінің белгіленген қағидаларды мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмауға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты:

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге, құқықтық сауаттылықты арттыруға және сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілікті арттыруға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

- қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау:

- Орталық қызметінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру және функцияларды жүзеге асыру кезінде қолданылады;

- Орталықтың барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың тиісінше орындалмағаны үшін Орталық қызметкерлері дербес жауапты болады.

Орталықтың қызметкерлері мен лауазымды адамдарының мінез-құлық қағидалары.

1. Қызметкерлер мен лауазымды адамдар өз қызметінде:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін ашуға белсенді қатысу және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауға дербес жауапты болуға;

- адал, әділ, қарапайым болуға, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, сыпайылық пен әдептілік танытуға;

- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге;

- өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен Орталық тарапынан айтылатын сынға себепкер болмау, сынағаны үшін қудалауға жол бермеу, орынды айтылған сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

- әріптестерден жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды талап етуге және қолдауға;

- заңнамаға сәйкес келмейтін және Орталық мүдделеріне қайшы келетін табыс табумен байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге жәрдемдесуге бағытталған іс-әрекеттер жасаудан бас тартуға;

- жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге;

- басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеуге;

- өз функциялары мен лауазымдық міндеттерін атқарғаны үшін ақшалай қаражатты, көрсетілетін қызметтерді, сыйлықтарды, заңды және жеке тұлғалардан тауарларды қоса алғанда, сыйақы қабылдамауға;

- мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбауға;

- жеке және заңды тұлғаларға «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңда көзделген ақпаратты беруден бас тартпауға;

- шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;

- лауазымдық жағдайды теріс пайдалануға, негізсіз бюрократизм көріністеріне, сондай-ақ дәрекілік пен біржақтылық көріністеріне жол бермеуге;

- Орталықтың құзыретіне кіретін мәселелермен жүтінген адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

- жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде ұйымдардың, Орталық қызметкерлерінің және өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін лауазымдық жағдайды пайдаланбауға және т.б.;

- заңдылық қағидасын басшылыққа алуға, ҚР Конституциясының, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауға міндетті.

2. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

- өзінің лауазымдық міндеттеріне сәйкес функцияларды жүзеге асыру;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;

- белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері, сондай-ақ материалдарды тездетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу немесе әуре-сарсаңға салу туралы басшылыққа дереу баяндау;

- әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлықтар бермеу және мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетпеу;

- қызметтік міндеттерді орындау кезінде мүдделер қақтығысының, жеке бас мүддесінің туындағаны туралы, сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа және сыйлықтар алуға көндіру туралы тікелей басшыға немесе Орталық басшысына баяндау;

- жеке және заңды тұлғаларға артықшылық көрсетпеу, лауазымдық міндеттерін атқару кезінде олардың ықпалына тәуелсіз болу;

- орындау үшін алынған тапсырманың заңдылығына күмәнданғаны туралы тікелей басшыға жазбаша нысанда дереу хабарлау;

- жасалған немесе жасалып жатқан сыбайлас жемқорлық әрекеттері туралы дереу басшылыққа хабарлау;

- қарамағындағы қызметкерлердің міндеттері мен өкілеттіктерінің көлемін нақты және нақты анықтау;

- мүдделер қақтығысына жол бермеу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды жою бойынша шаралар қабылдау;

- егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;

- қарамағындағы қызметкерлер арасында еңбек жүктемесін біркелкі бөлмеуге жол бермеу;

- олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;

- қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

- олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту.

3. Орталықтың ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын дайындау кезінде:

- ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу сатысында азаматтардың заңмен белгіленген құқықтары мен бостандықтарын мүлтіксіз ескеру;

- әзірленетін ішкі нормативтік құжаттардың жобалары нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуі тиіс;

- ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын дайындау барысында Орталықтың және өзге де заңды тұлғалардың заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеу;

- ішкі нормативтік құжаттардың жобалары Орталық құзыретінің шегінен шықпау;

- басқа құрылымдық бөлімшелердің мүдделерін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттардың әзірленген жобалары тиісті құрылымдық бөлімшелермен талқылау және келісу рәсімінен өткізу;

- ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларды пайдаланбау;

- ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүддесінде нормаларды қабылдауға жол бермеу.

4. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты сатып алуды жүзеге асыру кезінде лауазымды тұлғалар:

- сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсауға;
- Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беруге;
- сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етуге;
- сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге;
- атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеуге міндетті.

5. Орталық қызметі саласында туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде:

- сұрауларды қабылдаудан негізсіз бас тартуға, оларды қарау кезінде әуре-сарсаңға салуға және дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактілеріне жол бермеуге;
- жеке мүліктік және мүліктік емес пайдалар алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді қолданбауға;
- дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін кемсіту, жөнсіздік, орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге;
- рулық, жерлестік және жеке сенімділік белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеуге, меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге;
- нақты орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеуге;
- Орталық қызметкерлерімен, не тәуелділіктегі адамдармен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспауға;
- іскерлік этика кодексін сақтауға;
- өздеріне мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы Орталық басшылығының және (немесе) құқық қорғау органдарының назарына дереу жеткізуге;
- Қазақстан Республикасының Заңында тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтарды жасауға жол бермеуге;
- Орталық қызметкерлерін жұмысқа қатысты емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін тартуға жол бермеуге;
- азаматтар мен заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, олардың өтініштерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарауға және олар бойынша қажетті шаралар қабылдауға;

- басшылардың тапсырмаларын, Орталықтың лауазымды тұлғаларының лауазымдық өкілеттіктері шегінде шығарылған бұйрықтары мен өкімдерін орындауға;

- Орталық қызметкерлерінің жеке өмірі, ар-намысы мен қадір-қасиетіне қатысты мәліметтерді жария етпеуге;

- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді сақтауға міндетті.

Орталық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауын бақылау тиісті құрылымдық бөлімшелердің басшыларына және Орталықтың комплаенс-офицеріне жүктеледі.

**Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы саясатқа №2 қосымша**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім

Мен, _____,
(тегі, аты, әкесінің аты)

(лауазымы)

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, «Конфессияаралық қарым-қатынастарды талдау және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарын сақтау, өз өкілеттіктерімді жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға алып келуі мүмкін әрекеттерді жасауға жол бермеу мақсатында өзіме:

1) өзінің функцияларын орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;

2) лауазымды адамдардың өздерінің жақын туыстарымен (ата - аналары (ата - анасы), балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-қарындас-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері), ерлі-зайыптылар мен жекжаттардың (жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-қарындас-сіңлілері, ата-аналары мен балалары) немесе-егер бөлімшелер әртүрлі болса- функционалдық лауазымды (бизнес-процестер бойынша) олардың жақын туыстары атқаруын болдырмау;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын ақпаратты пайдалану;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымдық өкілеттіктерін атқаруына байланысты сыйлықтарды қабылдау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаймын.

Орталықта еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерді орындау күнінен бастап толтырылған және қол қойылған растау нысаны Орталықтың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің жеке ісінде сақталады.

_____ қолы, ТАӘ, лауазымы

**Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы саясатқа №3 қосымша**

Дәлелдеме

(Туісті ұяшықтарды белгілеуіңізді сұраймыз)

□ Мен «Конфессияаралық қарым-қатынастарды талдау және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын оқығанымды растаймын;

□ Мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында, «Конфессияаралық қарым-қатынастарды талдау және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында белгіленген талаптарды қатаң сақтауға міндеттенемін;

□ Мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, «Конфессияаралық қарым-қатынастарды талдау және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бұзған жағдайда, жауапкершілікке тартылатынымды, оның ішінде ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен атқаратын лауазымымнан босатылатыным туралы хабардармын.

Орталықта еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерді орындау кезінен бастап толтырылған және қол қойылған растау-нысаны Орталықтың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің жеке ісінде сақталады.

_____ қолы, ТАӘ, лауазымы